



Қаржаубай САРТҚОЖАҰЛЫ,

филология ғылымының докторы, профессор, түркітанушы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы Түркітану және Алтайтану ғылыми-зерттеу орталығының директоры:

ӘЛЕКЕҢНІҢ ШАПАҒАТЫ ТИІП, ҒЫЛЫМДА ЖОЛЫМ БОЛДЫ

– Қаржаубай аға, Әлкей Марғұлан сынды ғұлама ғалымды алғаш көрген кезіңіз есіңізде ме?

– 1973 жыл болатын. Ол кезде Моңғолия мемлекеттік университетінің V курс студентімін. Мамырдың 7-сі күні ЮНЕСКО-ның ұйымдастыруымен «Көшпелі халықтардың Кіндік Азия өркениетіндегі рөлі» атты халықаралық симпозиум өтетін болды. Оған әлемнің 20-дай елінен өкілдер, соның ішінде Қазақстаннан Әлкей Марғұлан қатысатынын білдім. Мамырдың 6-сы күні байырғы түркі тілін зерттеумен айналысатын моңғол ғалымы Шинэху екеуіміз «Ұланбатыр» қонақүйінің алдында қонақтарды күтіп тұрдық. Белгіленген уақытта «Икарус» автобусы келіп тоқтады да, одан Мәскеуден ұшып келген ғалымдар түсе бастады. Шинэху әрқайсысын сырттай таныстырып тұр: «Мынау Кычанов ағай ғой. Анау – атақты синолог Златкин ақсақал. О, Виталий Волков та келіп қалыпты». Бір кезде: «Ал мынау қария кім?» – деп маған қарады. Әлкей атамздың суретін қазақ баспасөздерінен көп көргенмін. Ғұлама ғалым көзіме оттай басылды: «Әлкей Марғұлан ақсақал осы кісі», – дедім де, ғалымның жанына барып, амандастым. Шинэху де қалбалақтап келіп қолын алды. Әлкей қонақүйге жайғасқан соң менімен жақсылап танысып: «О, айналайын, Ұланбатырға келгенімде алдымнан «ата-лап» қазақ күтіп тұрады деп ойламап едім. Білемін ғой, Моңғолияда қазақ барын», – деп ризашылығын білдірді. Сосын қандастарымыздың жағдайын, қазақша мектеп, газет, журнал,

радио, теледидар бар-жоғын, қазақ жастарының оқу-білімге деген ынтасы жайлы сұрап білді. Менің қазақша тіліме, байырғы түркі тілін зерттеуге кірскеніме ерекше риза болды. Сонсоң жанымдағы Шинэхумен таныса келе: «Қарағым, түркітанумен шұғылданғың келсе, қазақ тілін меңгер. Ғылымыңа пайдасын тигізеді», – деп ақыл-кеңесін айтты. Сөйтіп, симпозиум аяқталғанша күн сайын кешкі сағат 8-ден кейін атамзға барып әңгімелесіп тұрдым. Ал Әлкейнің симпозиумдағы «Погребения эпохи неолита в Джез-

керектігімізді ескертті. Сосын қолымдағы Тұй-ұқұқ ескерткіш мәтінінің жаңа көшірмесімен танысып шығып: «Мүмкіндігің болса, тастағы жазуларды әр барғаныңда ерінбей-жалықпай көшіріп отыр. Бұл арқылы алдында жіберген қателігіңді түзетесің. Сонсоң тастағы мәтінді эстампажға (қалыпқа) түсір. Радловтың оны қалай түсіру туралы әдістемесі бар ғой, соны оқы. Тұй-ұқұқ, Күлтегін, Білге қаған ескерткіштерінің мәтінімен жаңаша жұмыс істеу керек. Кезінде бұл жәдігерлерді зерттеген ғалымдар ескерткіштерді

Жалпы, атамздан алатын үлгі, өнеге мол. Ол кісі сонау кеңестік қатал заманда ешкімнен қаймықпай, айқайлап даурықпай, үнсіз жүріп-ақ көп шаруа тындырды. Кеңес дәуіріндегі шенеуніктер қазақтың қаншама жер атауын өзгертіп, картамызды Алексеевка, Михайловка, Петровка деп аяусыз айғыздады. Атамз ондай атаулардың бірдебіріне мән берместен, ғылыми жаңалықтарын Нұра, Атасу, Аюлы кезеңі, Беғазы–Дәндібай мәдениеті деген қазақ атаулармен атап, ұлттық сөздерімізді әлем ғылымының қорына қосып

кетті. Бұл – кейінгі ұрпаққа, ұлтқа өнеге. Жер атауы оның иесі кім екенін танытып тұрады, әрі ұлттың келбетін ашады.

Тағы бір байқағаным – 1973 жылғы Моңғолияда өткен сол симпозиум кезінде әріптестерінің Әлкей деген аса зор құрметі. Финляндиядан келген Пенси Алто, француз ғұламасы А.Амайон, Американың атақты ғалымы О.Латтимор, Түркияның белгілі тарихшысы В.Өгел, үндістандық Р.Паул, Ұлыбритания өкілі М.Шенгер, Кеңес Одағының мүйізі қарағайдай ғалымдары Г.Л.Саниева, Е.И.Кычанов,



Түркия конгресіне қатысушы ғалым Эсмеральда Гасановамен. Түркия, 1973 жыл

казгане» деп аталатын ғылыми баяндамасын екінші күні тыңдадық.

– Ғалымның жанында болған күндері ол кісінің сізге айтқан қандай өсиет сөздері есіңізде ерекше сақталып қалды?

– Мен ол кісінің жанында үш-төрт күндей болып, «Білікті Тұй-ұқұқ ескерткішінің тілі» деген тақырыпта жазып жүрген дипломдық жұмысымды көрсеттім. Қария еңбегімнің құрылымын өзгертіп, қорытындысын қалай жазу

екі-үш күн немесе бір жұма ғана үстірт қарап, көшірмесін асығыс алып кетіп жүрген. Уақыттың тығыздығына байланысты қате жіберген болулары мүмкін. Енді сол олқылықтың орнын сен толтыр. Сенің артықшылығың – ұлы ескерткіштің жанындасың. Бір емес, он рет көшіретін мүмкіндігің бар. Осыны есіңде ұста, қарағым», – деді. Ғұлама ғалымның бұл өсиеті ғылымдағы өмірлік бағдарлама болып қалыптасты. Әлкейнің шапағаты тиіп, ғылымда жолым болды. Ең бастысы, ұлы адамның батасын алдым.

И.Я.Златкиндер қайта-қайта айналып келіп атамздыбен әңгімелесіп, кейбір ғылыми-зерттеулерге қатысты ой-пікірлерін сұрағанын көрдім. Бұл олардың Әлкейнің ғұламалығын, энциклопедиялық ауқымдағы білімділігін мойындағандың белгісі емес пе? Осының өзі-ақ Әлкей Марғұлан атамздың Қазақстан көлеміндегі ғана емес, әлемдік деңгейдегі ғалым екендігін көрсетеді.

Сұхбаттасқан
Марфуға ШАПИЯН